

Орта арнаулы оқу орындарын жергілікті атқарушы органдарының балансына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 1714

Тиісті аймақтар үшін мамандар даярлау мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың ролін одан әрі көтеру мақсатында, сондай-ақ 1995 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің қарауында болған кейбір орта арнаулы оқу орындарын ұстауға арналған жергілікті бюджет құрамында көзделген шығындарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі облыс әкімдерімен бірлесіп, аталған орта арнаулы оқу орындарын қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың балансына қабылдау-өткізу жұмыстарын жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
12 желтоқсандағы
N 1714 қаулысына
қосымша

Жергілікті атқарушы органдардың балансына берілетін

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің
жүйесіндегі орта арнаулы оқу орындарының
тізбесі

Ақтөбе облысы

1. Ақтөбе кешкі машина жасау техникумы
2. Ақтөбе құрылыс техникумы

Шығыс Қазақстан облысы

3. Лениногор кен-металлургия техникумы

Жамбыл облысы

4. Қаратау кен-құрылыс техникумы

Жезқазған облысы

5. Балқаш кен-металлургия техникумы
6. Жезқазған кен техникумы
7. Жезқазған құрылыс техникумы

Қарағанды облысы

8. Қарағанды кен-механика колледжі
9. Қарағанды химия-технология техникумы
10. Теміртау индустриялық техникумы
11. Теміртау химия-механика техникумы

Қостанай облысы

12. Жетіқара кен техникумы
13. Рудный политехникалық техникумы

Маңғыстау облысы

14. Жаңаөзен мұнай техникумы

Павлодар облысы

15. Ақсу дене тәрбиесі техникумы
16. Екібастұз кен техникумы

Семей облысы

17. Семей құрылыс техникумы

Торғай облысы

18. Арқалық политехникалық техникумы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК